

Балқаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 қазандағы "Балқаш ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" № 68-181 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы облысы Балқаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 наурыздағы № 17-63 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 наурызда № 6098-05 болып тіркелді

Балқаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Балқаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 қазандағы "Балқаш ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5717 тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешімнің 2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Заңның 9-бабы 5-тармағына сәйкес пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары кемінде 800 метр арақашықтықта айқындалсын."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Балқаш аудандық мәслихатының хатшысы

К. Омаров